«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ
МИНИСТРЛІГІНІҢ
ДІН ІСТЕРІ КОМИТЕТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

010000, Астана қаласы, Министрліктер үйі
Мәңгілік Ел даңғылы, 8, 14-кіреберіс
тел.: 8 (7172) 74-09-28
e-mail: k.kense@mki.gov.kz

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«КОМИТЕТ ПО ДЕЛАМ РЕЛИГИЙ
МИНИСТЕРСТВА
КУЛЬТУРЫ И ИНФОРМАЦИИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

010000, город Астана, Дом Министерств
проспект Мәңгілік Ел, 8, 14 подъезд
тел.: 8 (7172) 74-09-28
e-mail: k.kense@mki.gov.kz

№

Батыс Қазақстан облысының
Дін істері басқармасына

2024 жылғы 22 қарашадағы
№3-1/469 хатқа

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Дін істері комитеті мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс жобаларын бір көзден сатып алу тәсілін қолдана отырып іске асыру бойынша хатыңызды қарап, аталған мәселеге қатысты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің 2025 жылғы 22 қаңтардағы №КК-04-КК/65680 хатын қосымшаға сәйкес жолдайды.

Қосымша: 7 парақта, хат көшірмесі.

Төраға **Е. Нүкежанов**

Орын. Калабаева М.
Тел. 74-09-26
m.kalabaeva@mki.gov.kz

№ ДЗГЗ-1-8/2765-ВН от 21.01.2025

ҚК

2024 жылғы 3 желтоқсандағы № 65680 хатқа

Мемлекеттік сатып алу және квазимемлекеттік секторының сатып алу заңнамасы департаменті «Құқықтық актілер туралы» Заңының 60-бабының 4-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2024 жылғы 29 қарашадағы № 02-25/5535 хатын қарап, өз құзыреті шегінде қосымшаға сәйкес ақпаратты жолдайды.

Қосымша: ____ парақта.

Е. Сеитов

Комитет казначейства МФ РК - Мадиева Г.О.

Дата: 21.01.2025 17:51. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

✍ *К. Мизамбаев*
☎ *75-06-39*

Приложение

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі Заңының *(бұдан әрі – Заң)* 6-бабының 2-тармағына сәйкес тапсырыс беруші тиісті бюджет (даму жоспары), Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорынан бөлінген ақша немесе жеке қаржыландыру жоспары негізінде мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалған тәртіппен және нысанда мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын әзірлейді және бекітеді.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының *(бұдан әрі – Қағидалар)* 12-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары (мемлекеттік сатып алудың алдын ала жылдық жоспары) мынадай мәліметтерді, оның ішінде мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру үшін бөлінген сомаларды, оның ішінде қосылған құн салығын есепке алмағанда алдын ала төлемнің (аванстың) мөлшерін қоса алғанда, анықтамалыққа сәйкес тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің номенклатурасын, сондай-ақ, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілі мен мерзімдерін қамтиды.

Заңның 10-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алу мынадай тәсілдердің бірімен жүзеге асырылады:

1) конкурс;
2) аукцион;
3) баға ұсыныстарын сұрату;
4) бір көзден алу;
5) электрондық дүкен арқылы.

Осылайша, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілін тапсырыс берушілер мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес айқындайды.

Сонымен қатар, Заңның 16-бабының 3-тармағының 7) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен терроризмнің, экстремизмнің алдын алу, жолын кесу және оларға қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны жүзеге асыруға уәкілеттік берілген органдардың сатып алуы жүзеге асырылады.

Заңның 16-бабының 4-тармағына сәйкес шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалған тәртіппен, оның ішінде форматтық-логикалық бақылау ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Комитет казначейства МФ РК - Мадиева Г.О.

Дата: 21.01.2025 17:51. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

Заңның 16-бабының 5-тармағына сәйкес шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешімді тапсырыс берушінің бірінші басшысы не оның міндетін атқаратын адам не орталық мемлекеттік органның аппарат басшысы немесе аппарат басшысының өкілеттіктерін жүзеге асыратын өзге лауазымды адам қабылдайды.

Комитет казначейства МФ РК - Мадиева Г.О.

Дата: 21.01.2025 17:51. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

Заңның 16-бабының 6-тармағына сәйкес шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу Заңның 5-бабы 1-тармағының 1), 4), 6) және 7) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаттары сақтала отырып жүзеге асырылады.

Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылдаған адам жоғарыда көрсетілген қағидаттардың сақталуына дербес жауапты болады.

Сондай-ақ, Заңның 10-бабының 7-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілін айқындау кезінде осы баптың 1-тармағында көзделген **мемлекеттік сатып алудың бәсекелестік тәсілдері басым таңдау болып табылады**.

Қағидалардың 506-тармағына сәйкес Заңның 16-бабының 3-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу тапсырыс берушінің шешімі негізінде, шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілін таңдаудың тиісті негіздемесімен жүзеге асырылады.

Бұдан басқа, Қағидалардың 510 және 511-тармақтарында тапсырыс беруші шарт жасалған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей веб-порталда Қағидаларға 34-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алынған мемлекеттік сатып алу туралы есепті орналастыруы.

Тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы есепте мыналар қамтылуға тиіс:

1) мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу туралы шешім қабылдаған лауазымды адам туралы мәліметтері;

2) өнім берушіні таңдау негіздемесі;

3) мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шарт бағасының негіздемесі, сондай-ақ шарттың өзге де талаптары көрсетілуге тиістілігі көзделген.

Осылайша, мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен терроризмнің, экстремизмнің алдын алу, жолын кесу және оларға қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны жүзеге асыруға уәкілеттік берілген органдардың сатып алу Заңның 5-бабы 1-тармағының 1), 4), 6) және 7) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаттарын сақтай отырып, тапсырыс берушінің бірінші басшысы не оның міндетін атқаратын адам не орталық мемлекеттік органның аппарат басшысы немесе аппарат басшысының өкілеттіктерін жүзеге асыратын өзге лауазымды адам қабылдаған шешімі негізінде жүзеге асырылады.

Өз кезегінде Қазақстан Республикасының «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 1-бабының 10) тармақшасына сәйкес, терроризмге қарсы іс-қимыл – мемлекеттік органдардың және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының:

терроризм профилактикасы;

Комитет казначейства МФ РК - Мадиева Г.О.

Дата: 21.01.2025 17:51. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

террористік іс-әрекетті анықтау, оның жолын кесу, террористік қылмыстарды ашу және тергеу;

шұғыл медициналық көмек көрсету, медициналық-психологиялық сүйемелдеу, авариялық-құтқару және өртке қарсы іс-шаралар өткізу, террористік әсер етуге ұшыраған объектілердің қалыпты жұмыс істеуін және экологиялық қауіпсіздігін қалпына келтіру, терроризм актісінің салдарынан жәбірленуші адамдарды және оның жолын кесуге қатысқан адамдарды әлеуметтік оңалту, терроризм актісінің салдарынан жәбірленуші адамдарға моральдық және материалдық зиянды өтеу жолымен терроризм салдарларын барынша азайту және (немесе) жою жөніндегі қызметі.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 1-бабының 2) тармақшасына сәйкес экстремизмге қарсы іс-қимыл – мемлекеттік органдардың адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, конституциялық құрылыс негіздерін, Қазақстан Республикасының тұтастығы мен ұлттық қауіпсіздігін экстремизмнен қорғауды қамтамасыз етуге, экстремизмнің алдын алуға, оны анықтауға, оның жолын кесуге және салдарларын жоюға, сондай-ақ экстремизмді жүзеге асыруға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға және жоюға бағытталған қызметі.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасында терроризмге және экстремизмге қарсы іс-қимыл саласындағы қызметті үйлестіру Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің міндеттерінің бірі болып табылады *(Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 1 сәуірдегі № 2922 Жарлығы, 2-тарау 13-тармағының 10) тармақшасы)*.

Осыған байланысты, сатып алынатын тауарлардың, қызметтердің, жұмыстардың терроризмнің, экстремизмнің алдын алу, жолын кесу және оларға қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметті жүзеге асырумен байланыстылығын айқындауды Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ұстанымын ескере отырып қарастыру қажет деп санаймыз.

Сондай-ақ, «Құқықтық актілер туралы» Заңының 60-бабының 4-тармағына сәйкес, мемлекеттік саясатты жүргізетін, белгілі бір салада (қызмет аясында) реттеуді және басқаруды жүзеге асыратын немесе құзыретіне тиісті мәселелерді шешу жатқызылған мемлекеттік органдар не өзге де мемлекеттік органдар өздеріне берілген өкілеттіктерге сәйкес жеке немесе заңды тұлғалардың жүгінуі бойынша нақты субъектілерге қатысты немесе нақты жағдайға қолданылатын нормативтік құқықтық актілерге өз құзыреті шегінде түсіндірмелер беруге міндетті.

Мұндай түсіндірмелердің міндетті заңдық күші болмайды және олар ұсынымдық сипатқа ие екендігін атап өту қажет.

Комитет казначейства МФ РК - Мадиева Л.О.

Дата: 21.01.2025 17:51. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

Согласовано
17.01.2025 18:37 Каскенова Индира Темиргазыевна
21.01.2025 14:19 Танжариков Мейрамбек Жаксылыкулы

Подписано
21.01.2025 17:12 Сеитов Ерлан Галымович

Комитет казначейства МФ РК - Мадиева Г.О.

Дата: 21.01.2025 17:51. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

КК-04-КК/65680 от 22.01.2025

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ

**ҚАЗЫНАШЫЛЫҚ
КОМИТЕТІ**

МИНИСТЕРСТВО
ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**КОМИТЕТ
КАЗНАЧЕЙСТВА**

010000, Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 11
тел.: +7 (7172) 71-77-06
e-mail: kk_mfrk@minfin.gov.kz

010000, город Астана, проспект Жеңіс, 11
тел.: +7 (7172) 71-77-06
e-mail: kk_mfrk@minfin.gov.kz

_____ № _____

_____

КК-04-КК/65680 от 22.01.2025

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті, сіздің 2024 жылғы 29 қарашадағы №02-25/5535 хатыңызды қарап шығып, жауапты қосымшаға сәйкес жолдайды.

Қосымша: 6 парақта.

Төрағаның орынбасары **Е.Тюлюпов**

Мадиева Г.О.
тел. 71-75-03
gmadieva@minfin.gov.kz